

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСІПОРНЫ
«№140 БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТИҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

ХАТТАМА № 2

Откізілетін уақыты: 29 қараша 2024 жыл

Педагогикалық кеңестің түрі: «Іскерлік отырыс»

Тақырыбы: «Балабақшадағы жасыл технологиялар: Экологиялық тәрбиенің жаңа бағыттары»

Мақсаты: Балаларға экологиялық тәрбие беру арқылы қоршаған ортаға қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру, жасыл технологиялар мен табиғатты қоргауга бағытталған шараларды енгізу. Осы арқылы балабақшада экологиялық мәдениетті дамыту, балдыргандарды экологиялық сана мен жауапкершілікке тәрбиелу, табиғатпен үйлесімді өмір сұрудің негіздерін ұғындыру.

Педагогикалық кеңеске қатысушылар: Басшы, әдіскер, психолог, музика жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер.

Алматы-2024 жыл

№ 2 педагогикалық кеңеске өтілген VIӘ түрі

- 1. «Табиғатты қорғайық» ашық ұйымдастырылған іс-әрекет
Кіші топ тәрбиешісі: Рысбекова Н.Ж.**
- 2. «Табиғатпен біз – доспыз!» ашық ұйымдастырылған іс-әрекет
Ортаңғы топ тәрбиешісі: Масакбаева Б.Р.**
- 3. «Табиғатпен достастық» ашық ұйымдастырылған іс-әрекет
Ересек топ тәрбиешісі: Бектурсунова М.О.**
- 4. «Табиғатты аялайық» ашық ұйымдастырылған іс-әрекет
Ересек топ тәрбиешілері: Жуматаева К.М.
Абдильдаева Р.К.**
- 5. «Табиғат -біздің досымыз» ашық ұйымдастырылған іс-әрекет
Мектепалды топ тәрбиешілері: Мустафаева Қ.
Сүлеймен Е.Ш.**
- 6. «Жарамсыз қалдық заттарға екінші өмір сыйлау» ашық ұйымдастырылған іс-әрекет
Мектепалды топ тәрбиешілері: Сәду Н.Б.
Бугенбаева Г.Ж.**

КҮН ТӘРТІБІ

1. №1 педкенестің шешімін талдау – басшы: Мухаметрахимова Ш.А.
2. . «Экология және Жасыл технологиялар: табиғатқа қамқорлық» слайд-презентация
әдіскер: Д.К. Сатпаева
3. Іс-тәжірибемен бөлісу (тәрбиешілердің жұмыстары)
4. Тренинг – психолог: Дарибаева Г.Н.
5. . «Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша ойындар көрмесі» үйымдастыру
6. Педагогикалық кеңестің шешімі

I ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша басшысы Мухаметрахимова Ш.А. екінші педагогикалық кеңесті ашық деп жариялад, күн тәртібінде қаралатын мәселелерді таныстыруды. Ол бірінші педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу барысына тоқталып, әр тармақтың орындалғанын атап өтті:

- Тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспарлары әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес бекітілді.
- Циклограммалар уақытылы жазылып, жоспарланған іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілді.
- Әлеуметтік желілердегі топ паракшалары белсенді жаңартылып, маңызды ақпараттар уақытылы жарияланып отырды.
- Мерекелік іс-шараларда қаражат жинауға қатаң тыйым салынғаны айтылды.

Шешім:

Бірінші педагогикалық кеңестің шешімдері қанағаттанарлық деп есептелсін.
Тәрбиешілерге болашақта осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыруға нұсқау берілді.

II ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Сатпаева Д.К. «Экология және Жасыл технологиялар: табиғатқа қамқорлық» тақырыбында слайд-презентация ұсынды. Презентация барысында келесі мәселелер қарастырылды:

- Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың қажеттілігі, оның балалардың қоршаган ортаға деген жауапкершілік сезімін дамытудағы рөлі.
- Жасыл технологиялардың түрлері және оларды балабақшада қолдану жолдары.
- Балабақша аумағын көгалдандыру және қалдықтарды қайта өндөу бойынша жүргізілетін іс-шаралар.

- Балалардың экологиялық дағдыларын дамыту үшін ойындар мен тренингтерді колдану.

Әдіскер сонымен бірге экологияны сақтау жолындағы жаңа әдістемелер туралы ой бөлісіп, балабақшада қолдануға болатын практикалық ұсыныстар айтты.

Шешім:

Әрбір топ экологиялық тақырыптағы шағын жобалар әзірлеп, оларды тәжірибеге енгізсін.

III ТЫНДАЛДЫ:

Тәрбиешілер өздерінің экологиялық бағыттағы тәжірибелерімен бөлісті. Әр топ өздерінің балалармен бірге өткізген жұмыстарының нәтижелерін таныстыруды:

- **Кіші топ:** «Табиғатты қорғайық» атты іс-шара барысында балаларға табиғатты қорғау туралы қарапайым түсініктер берілді.
- **Ортаңғы топ:** «Табиғатпен біз – доспыз!» тақырыбындағы іс-шарада балалар табиғатқа қамқорлық жасаудың маңыздылығын ойындар арқылы түсінді.
- **Ересек топ:** «Табиғатпен достастық» және «Табиғатты аялайық» іс-шараларында қайта өндеу, қоқысты сұрыптау дағдылары үйретілді.
- **Мектепалды топ:** «Жарамсыз қалдық заттарға екінші өмір сыйлау» тақырыбында қолдан жасалған бұйымдар жасалды.

Тәрбиешілер өз іс-шараларын көрсету арқылы балаларды экологиялық сана-сезімге тәрбиелеудің нәтижелі әдістерін көрсетті.

Шешім:

Өткізілген іс-шаралар қанагаттанарлық деп танылды. Бұл тәжірибелерді барлық топтардың жұмысына енгізу ұсынылды.

IV. ТЫНДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі тәртінші мәселе бойынша тренингке кезек берілді. Психолог: Дарибаева Г.Н. «Табиғатпен үндесу» тренингін педагогтармен өткізді.

Мақсаты: Педагогтерге экологиялық мәдениетті дамытуға және шығармашылық ойлауға ықпал ету, олардың командада жұмыс істеу қабілетін жетілдіру.

Барысы:

- Сәлемдесу және кіріспе
- Ой қозғау «Табиғаттың тілі»
- Шығармашылық тапсырма «Экологиялық болашақ»
- Қимылды ойын «Табиғат байлығы»
- Релаксация «Табиғаттың тынысы»
- Қорытындылау

ШЕШІМ:

Психологияның тренинг жұмыстары одан әрі жүргізілсін.

V. ТЫНДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша «Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша ойындар көрмесі» ұйымдастырылды.

1. Көрме материалдарының таныстырылымы:

- Әр топ өздерінің жасы ерекшелігіне сәйкес әзірлеген ойындар мен экологиялық құралдарды таныстыруды:
 - **Кіші топ:** Табиғат элементтерін тануга арналған жұмбақтар мен суреттер.
 - **Ортаңғы топ:** Қайта өндөлетін материалдардан жасалған экологиялық пазлдар.
 - **Ересек топ:** Экологиялық бағыттағы рөлдік ойындар (мысалы, «Қоқысты дұрыс сұрыпта»).
 - **Мектепалды топ:** «Қалдыққа екінші өмір сыйлаймыз» тақырыбындағы шығармашылық бұйымдар.

2. Интерактивті аймақ:

- Көрме барысында педагогтар көрме материалдарын қолданып, өзара тәжірибе алмасы. Әрбір педагог өз жұмысын қысқаша сипаттап, оны топтық немесе жеке жұмысқа қалай қолданатынын түсіндірді.

3. Бағалау:

- Балабақша басшысы педагогтардың жұмыстарын жоғары бағалап, олардың шығармашылық идеяларын ерекше атап өтті. Ол көрменің педагогтардың экологиялық білім беру бағытындағы жұмыстарына жаңа серпін бергенін айтты.

Шешім:

- Әр топ дайындаған материалдарын балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмыстарына енгізсін.
- Экологиялық мәдениетті дамыту мақсатында көрмелерді жылына кемінде екі рет ұйымдастыру ұсынылсын.
- Көрменің нәтижелерін талқыладап, үздік тәжірибелерді әдістемелік жұмысқа енгізу тапсырылсын.

VI. ТЫНДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша педагогикалық кеңестің шешімі қабылданды.

№ 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:

Бірінші педагогикалық кеңестің шешімдері қанағаттанарлық деп есептелінсін.
Ескертулерді түзетіп орындалуын қадағалау.

Мерзімі: 1-апта
Жауапты: әдіскер

2. Экологиялық мәдениетті дамыту бойынша ойндар жыл бойы толықтырылып отырылсын.

Мерзімі: I-жарты жылдық
Жауаптылар: әдіскер, педагогтар

3. Откізілген іс-тәжірибе қанағаттанарлық деп есептелінсін

Мерзімі: үнемі
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

4. Психологтың тренинг жұмыстары одан әрі жүргізілсін.

Мерзімі: үнемі Жауапты: психолог

5. Ұйымдастырылған көрме қанағаттанарлық деп есептелсін.
Мерзімің шарты

Мерзімі: үнемі
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

6. Педагогикалық кеңестің шешімі бір ауыздан қабылданды.

Педагогикалық кенестін төрайымы:

Мухаметрахимова Ш.А.

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Сатпаева Д.К.

